

Көңілді саяхат

Мухамедрахим Гаухар Есмагзамовна
"Балдырған" балабақшасының
музыка жетекшісі

Балалар музыкамен залға кіреді, жартышеңбер құрып тұрады.

Муз жетекшісі: Сәлеметсіңдер ме балалар, қымбатты қонақтар! Бүгін біз 1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі күнің атап өтеміз! Біздің елімізде жүзден астан ұлт пен ұлыстын өкілдері бір шаңырақ астында бақытты тірлік кешіп отыр. Бүгінде Қазақстан бар халықтың алтын бесік аяулы Отанына айналған баянды мекен! Елімізге бейбітшілік, бірлік, бақыт тілеймін! Мереке құтты болсын!

Әнұран

Мерекені балалардың тақпақтарымен бастайық!

Тақпақтар:

1 бала Мамырдың бірі,

Көңілдің жыры.

Көгілдір аспан,

Бітпейтін нұры.

2 бала Мамырдың бірі,

Ынтымақ жыры,

Көңіліндей жұрттың,

Күніде жылы.

3 бала Әрқашан дос біргеміз,

Ажырамас іргеміз.

Достық жырын біліңдер,

Еңбекті де сүйіңдер.

4 бал Бірінші бүгін мамырда,

Тойлайды қала, ауыл да

Айналғанын халықтар

Дос, туысқан, бауырға.

5 бала Дос болайық бәріміз,

Жарасып тұр әніміз.

Тыныштықты сақтаймыз,

Атсын күліп таңымыз.

Ән «Мамыр ай»

Балалар орындарына барып отырады.

Муз жетекшісі: Балалар бүгін мен сендерді саяхаттауға шақырамын! Бұл саяхатта біз ертегі кейіпкерлермен танысып олармен достасамыз! Бірақ қалай біз саяхаттаймыз? Балалар ертегі кейіпкерлерін еске түсіріп көрейікші! Мысалы: Ер төстік тұлпармен саяхаттаған, Алладин ұшатын кілеммен саяхаттаған, Иван ханзада сұр қасқырмен, ал мен сендерді көңілді ұшақпен саяхаттауға шақырамын!

Музыкалық ойын «Чударик – самолет»

Ойынан кейін балалар орындарына барып отырады.

Муз жетекшісі: Балалар экранға қарандаршы бұл қандай ертегі?

Балалар: Бауырсақ!

Муз жетекшісі: Дұрыс балалар, бұл бауырсақ орыс халқының ертегісі! Балалар қарандаршы бізге бауырсақ келді!

Музыкамен залға бауырсақ келеді

Бауырсақ: Сәлеметсіңдер ме балалар! Мен бауырсақпын! Сендерді мерекемен құттықтаймын!

Муз жетекшісі: Сәлеметсің бе бауырсақ! Сені де мерекемен құттықтаймыз! Бауырсақ айтшы сен қандай музыкалық аспаптарды білесің?

Бауырсақ: Мен орыс халқының музыкалық аспаптарын білем, ол балалайка, қасықтар, гармошка!

Муз жетекшісі: Орыс халқының аспаптарын білесің! Жарайсын бауырсақ! Сен бізге қонақ бол, ал мен балаларға осы аспаптар туралы және орыс халқы жайлы айтып берейін!

Бауырсақ орындыққа барып отырады.

Муз жетекшісі: Орыс халқының ұлттық билері өте көп. Ең танымалы хоровод биі, бұл биді мерекеде әндетіп билейді. Музыкалық аспаптар: Балалайка – ішекті аспаптарға жатады. Пішіні үшбұрыш, 3 ішектері бар. Бұл аспапта сұқ саусақпен соғып ойнайды. Бұл аспапта мерекелерде адамдар ән айтып, би билеген. Ал қазыр бұл аспаптың даусын естіп көрейік! Қасықтыр – соқпалы аспаптарға жатады. Ағаштан жасалған, оларды соғып ойнайды. Ал қазыр бұл аспаптың даусын естіп көрейік! Гармонь – үрмелі - клавишалық аспаптарға жатады. Ал қазыр бұл аспаптың даусын естіп көрейік!

Бауырсақ: Балалар мен сендермен дос болғым келеді, сендермен ойынағым келеді.

Муз жетекшісі: Балалар бауырсақпен дос боламыз ба? Бірге ойын ойнаймыз ба?

Балалар: Иә!

Муз жетекшісі: Балалар бауырсақ бізге орыс халқының ойындарын алып келді, кәне бәріміз ойын ойнайық!

Орыс халқының ойыны «Колобок»

Балалардың ішінен бір бала бауырсақ болады. Қалған балалар екі командаға бөлініп қарама қарсы қарап тұрады. Бауырсақ ортада отырады. Барлығы әндетеді:

Да какой же он румяный (руками потереть щечки),

Да какой же он кругленький (руками показывают круг),

Да какой же он мягонький (нужно погладить свой живот),

Съешь его скорей!

Осы сөздерден кейін әр командадан бір баладан бауырсаққа қарай жүгіреді. Кім бірінші жүгіріп келіп бауырсақтың иғынан қолын тигізсе, сол бауырсақты өз командасына алып кетеді. Бір командадан 2 бала қалғанша ойын жалғасады.

Орыс халқының ойыны «У медведя во бору»

Ойын шарты:

Бір бала аю болады. Ортаға шығып аюдың бас киімін киіп тұрады. Барлық балалар орнынан тұрып аюға жақындап келіп айтады:

У медведя во бору,

Грибы, ягоды беру

А медведь не спит,

И на нас рычит.

Осы сөздерден кейін аю шығып балаларды қуады, ұстап алуға тырысады. Ал балалар орындықтарға қашады, егер біреу қашып үлгермесе сол бала аю болады. Ойын тағы қайталанады.

Ойынан кейін

Муз жетекшісі: Балалар сендерге ойын ұнады ма? Бауырсақ бізге қызықты ойын алып келді және орыс халқының музыкалық аспаптарын атап берді. Ал мен сендерді Грузин халқымен және музыкалық аспаптарымен таныстырғым келеді! Грузия халқы мерекені әдемі ән мен бимен қарсы алады. Ең танымалы би Лезгинка деп аталады. Чибони – үрмелі аспаптарға жатады. Теріден жасалған қап және еке жағынды мүйіз бар, бір жағынан үрлейді, екінші жағынай дауысы шығады. Кәне тындап көрейік. Пандури – ішекті аспаптарға жатады. Үш шегі бар екен, кәне тындап көрейік. Доли – бұл ең танымалы аспап, соқпалы аспаптарға жатады, құмыра ұқсас, екі жақтан терімен оранған. Бұл аспапта саусақтармен, алақандарымен соғып ойнайды. Кәне тындап көрейік.

Грузин халқының ойыны «Кудис агеба» / «Снятие шапки»

Балалар екі командаға 3 баладан бөлінеді. Ортаға әр командаға таяққа 3 кудис(шапка) іліп қояды. Музыкамен балалар бір – бірден жүгіріп барып кудистерді алып келіп алдында тұрған баланың қолына шапалақ соғады. Содан кейін сол бала жүгіріп барып келесі кудисты алып келеді. Осылай ойын жалғасады. Кім бірінші аяқтаса, сол команда жеңеді.

Муз жетекшісі: Балалар экранға тағы бір қараңдаршы бұл украин ерегісі «Масақ». Ал қазыр мен сендерді осы ертегіні тамашалап көруге шақырам! «Бидайдың масағы»

Украин халқының ертегісі

Муз жетекшісі: Ертеде екі Тышқан және дауысы әдемі бір Өтеш өмір сүріпті.

Музыкамен ортаға екі тышқан және өтеш келеді.

Муз жетекшісі: Тышқанның біреуі Круть,

екіншісінікі Верть екен.

Тышқандар бір қадам алға шығып бас иеді.

Тышқандар күніге тек ойнауды, өлең айтып, билеуді ғана біліпті.

Круть: Мен ән айтуды ұнатамын!

Верть: Ал мен би билеуді ұнатамын!

Муз жетекшісі: Олай болса, балалар кәне бәріміз «Гопак» биін билейік!

«Гопак биі» украин халық әні

1 бөлімде – қолұстасып шеңбермен айналу.

2 бөлімде – аяқ басу, шапалақтау.

Биден кейін тышқандар және өтеш өз орындарына барады, қалған балалар орындықтарға барып отырады.

Муз жетекшісі: Өтеш таң атысымен барлығын өзінің әсем дауысымен оятып, бірден жұмысқа кіріседі.

Өтеш: Ку-ка- ре- ку! Таң атты!

Өтеш сырырғыш алып сыпырып жүреді.

Муз жетекшісі: Сөйтіп, бір күні ауланы сыпырып жүргенде жерден бидайдың масағын тауып алады.

Өтеш Круть пен Вертьті шақырып былай депті:

Өтеш: Қараңдаршы, мен нені таптым?

Муз жетекшісі: Тышқандар тез жүгіріп келіп, былай деді:

Тышқандар: О, оны үгіту керек.

Өтеш: Оны кім үгітеді?

Круть: Мен емес.

Верть: Мен емес!

Өтеш: Жарайды, ендеше, онда мен үгітейін.

Муз жетекшісі: Сөйтіп Өтеш жұмысқа кірісті.

Өтеш стол үстіне барып үгіте бастайды.

Ал, Тышқандар болса, ойнап, би билеп жүрді. Біраздан соң Өтеш екі Тышқанды шақырды.

Өтеш: Круть, Верть, қараңдаршы, мен қаншама дән үгіттім.

Тышқандар жүгіріп келеді.

Өтеш: Круть, Верть, енді дәнді диірменге салып, үн жасау керек.

Круть: Мен емес!

Верть: Мен емес!

Өтеш: Жарайды, ендеше, мен дәнді диірменге апарайын.

Муз жетекшісі: Сөйтіп, иығына қапты салып, Өтеш кетті. Өтеш шығып кетеді. Ал, Тышқандар сол уақытта бір-бірімен ойнады.

Өтеш келді

Муз жетекшісі: Өтеш қайтадан диірменнен оралып, тышқандарды шақырырады.

Өтеш: Мен үн әкелдім!

Тышқандар: Жарайсың, Өтеш!

Өтеш: Осы ұнды илеп, пешке салып, бәліш пісіру керек. Кім илейді, кім пісіреді?

Круть: Мен емес.

Верть: Мен емес!

Әтеш: Жарайды өзiм жасаймын!

Муз жетекшiсi: Сөйтiп, Әтеш ұнды илейдi, пештi жағып, бәлiш пiсiрдi. Ал, Тышқандар сол уақытта өлендерiн айтты, билеп жүрдi. Мiне, бәлiш те пiстi, Әтеш бәлiштi үстел үстiне қойды, ал тышқандар болса, бiрден үстел басына жетiп келдi.

Круть: Ой, менiң қарным ашты.

Верть: Менiң жегiм келiп тұр.

Муз жетекшiсi: Сөйтiп, үстелге отырып алды.

Әтеш: Тоқтай тұрындар, тоқтай тұрындар, алдымен сендер маған айтындаршы, бидайдын масағын кiм тапты?

Тышқандар: Сен таптың!

Әтеш: Оны кiм үгiттi?

Тышқандар: Сен үгiттiң!

Әтеш: Кiм иледi? Бәлiштi кiм пiсiрдi?

Тышқандар: Бәрiн де сен! Ақырын айтты.

Әтеш: Ал, сендер не iстедiңдер сонда?

Муз жетекшiсi: Не деп айтатындарын бiлмедi. Сонымен Круть пен Верть үстелден тұрып кете бердi. Ал, Әтеш болса, оларды ұстамады. Себебi: мұндай ерiншек пен жалқауларға бәлiш берудiң де қажетi жоқ деп түсiндi. Ерiнбей еңбек етсең — ерiнiң асқа тиедi. Дiқан нанын жейдi, жалқау арын жейдi. Осындай мақал – мәтелдер бекер айтпаған. Тек ерiнбе еңбек жасасан көптеген жетiстiктерге жетесiн! Балалар менiң ойымша тышқандар өз қателiгiн түсiндi! Оларды кешiремиз бе? Дос боламыз ба?

Балалар: Иә кешiремиз!

Муз жетекшiсi: Олай болса бiздiң балалар достық және еңбек туралы мақал – мәтелдер айтып бередi.

Мақал – мәтелдер:

1. Еңбек адамның екiншi анасы.
2. Еңбек ердiң санаты,
3. Бiлiм ердiң қанаты.
4. Еңбек ет те мақтан,
5. Ойнап күл де шаттан.
6. Еңбеккер ұйқыдан ширап тұрады,

7. Ерiншек ұйқыдан қирап тұрады.

8. Дос болсаң берiк бол, досына серiк бол.

9. Дос — ажарың, жолдас — базарың.

10. Ағаш тамырымен, адам досымен мықты.

11. Досы көптi жау алмас.

Муз жетекшiсi: Балалар экранға қарандаршы бұл Қазақстан! Балалар мен сендердi қазақтың ұлттық музыкалық аспаптарымен таныстырғным келедi. Домбыра – iшектi аспаптарға жатады. Ол ағашта жасалған, және екi шегi бар, бұл аспапта шертiп ойнайды. Кәне тындап көрейiк! Қобыз – бұл iшектi аспаптарға жатады және осындай таяқшасы бар бұл смышчок деп аталады, бұл аспапта ысып ойнайды. Кәне тындап көрейiк Асатайық – бұл сiлкiп ойнайтын сапап, мiне осындай тегi таяқшаға осындай сылдырмақтар мен теңгелер қыстырылған. Шанқобыз – бұл аспап үрмелi аспаптарға жатады, металдан, бұрынғы заманда ағаштан немесе сүйектен жасаған. Ерiн арасына қыстырып үрлейдi және iлгектi саусақпен тартқанда музыка шығады. Кәне тындайық! Құрметтi қонақтар бiздiң балалар «туған жер» деген әндi осы бүгiнгi мерекеде айтқысы келедi! Тындап көрiңiз! Ал қазыр мен сендердi музыкалық аспаптармен оркестрде ойнауға ұсынамын!

Оркестр «Ата толғауы»

«Туған жер» әнi

Музыка жетекшiсi: Мiне бiздiң мерекемiз аяқталды. Бiздiң елiмiз өте бай, бiрақ ең басты байлығымыз- бұл бiздiң халқымыз, бейбiтшiлiкте, бiрлiкте және ынтымақтастықта арқашанда өмiр сүрiп жүрейiк. Балалар бүгiнгi мереке өте жақсы өттi, сендер тамаша тақпақтар мен ән ойындар ойнадыңдар! Мiне менiң де сендерге сыйлықтарым бар! Балаларға кәмпиттердi таратып бередi.

Балалардың баллығы шеңбiрмен жүрiп бiр айналып шығып кетедi